

Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 10 мамырдағы № 39 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу механизмдерін жетілдіру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған:

Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және оларды сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізіліміне орналастыруды қамтамасыз етуді құзыретіне Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру кіретін Еуразиялық экономикалық комиссияның департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 10 мамырдағы
№ 39 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Кеден одағы Комиссиясының "Кеден одағындағы техникалық реттеу туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 319 шешімі;

Кеден одағы Комиссиясының "Бірыңғай құжаттар беріле отырып, Кеден одағы шеңберінде сәйкестікті міндетті бағалауға (растауға) жататын өнімдердің бірыңғай тізбесі туралы" 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 620 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден одағының техникалық регламенттеріне сәйкестік сертификатының және сәйкестік туралы декларацияның бірыңғай нысандары және оларды ресімдеу қағидалары туралы" 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 293 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Өнімнің Кеден одағы техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігі туралы декларацияларды тіркеу туралы ережені бекіту туралы" 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 76 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өзара және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимыл жасауы кезінде электрондық құжаттармен алмасуы туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесіне (бұдан әрі тиісінше – жалпы процесс, сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте осы жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленген.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберінде рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаты үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады :

"авторландыру" – жалпы процеске белгілі бір қатысушыға белгілі бір әрекеттерді орындауға құқықтар беру;

"сәйкестікті бағалау туралы құжат" – техникалық реттеу объектісінің Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестігін растайтын құжат немесе бірыңғай нысан бойынша сәйкестік туралы декларациялар мен сәйкестік сертификаттары беріле отырып, сәйкестікті міндетті растауға жататын өнімнің бірыңғай тізбесіне енгізілген өнімге қатысты берілген (қабылданған) құжат;

"сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімі" – қалыптастыру мен жүргізуді Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары қамтамасыз ететін ұлттық бөліктерден тұратын ақпараттық ресурстар.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" деген ұғымдар Еуразиялық

экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу". Жалпы процесс сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте іске асырылады.

6. Жалпы процестің кодтық белгілемесі: P.TS.01, нұсқа 1.0.0.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді қалыптастыру және жалпы процеске қатысушыларға беру механизмдерін жетілдіру болып табылады.

8. Жалпы процесс мақсатына қол жеткізу үшін мына міндеттерді шешу қажет:

а) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) уәкілетті органдарынан сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімдерінің ұлттық бөліктерінен мәліметтерді алуды және оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

б) мүдделі тұлғалардың Одақтың ақпараттық порталында сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттар туралы мәліметтерді алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының интеграцияланған жүйе құралдарымен сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімдерінің ұлттық бөліктерінен сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттар туралы мәліметтерді алуын қамтамасыз ету;

г) жалпы процеске қатысушылардың бірыңғай сыныптауыштар мен анықтамалықтарды пайдалануын қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Одақтың ақпараттық порталында сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерінен мәліметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін, сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерінен мәліметтерді алатын және Одақтың ақпараттық порталында мәліметтерді жариялауды қамтамасыз ететін Одақ органы
P.TS.01.ACT.001	мүдделі тұлға	Одақтың ақпараттық порталында сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді сұрататын және алатын заңды немесе жеке тұлға
P.TS.01.ACT.002	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігін қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын және Комиссияға сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен алынған мәліметтерді ұсынатын, сондай-ақ басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұратуы бойынша сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен сәйкестікті бағалау туралы құжат жөніндегі мәліметтерді ұсынатын мүше мемлекеттің уәкілетті органы
P.TS.01.ACT.003	мүше мемлекеттің сұрау салатын уәкілетті органы	басқа мүше мемлекеттің сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен сәйкестікті бағалау туралы құжаттар туралы мәліметтерді сұрататын мүше мемлекеттің уәкілетті органы

3. Жалпы процесс құрылымы

10. Жалпы процесс мынадай рәсімдер жиынтығын білдіреді:

а) сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді ұсыну;

б) сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді алу.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау шеңберінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерін қалыптастыру мен жүргізуді жүзеге асырады және сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерінен алынған мәліметтерді Комиссияға ұсынады. Комиссия алынған ақпаратты өңдейді және осы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді.

"Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS.01.PRC.001) рәсімін орындау кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары Комиссияға белгіленген кезеңдегі сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерінен алынған мәліметтерді ұсынады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 10 мамырдағы № 39 шешімімен бекітілген Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

"Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтер алу" (P.TS.01.PRC.002) рәсімін орындау кезінде сұрау салушы мемлекеттің уәкілетті органы басқа мүше мемлекеттің сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен сәйкестікті бағалау туралы құжат жөніндегі мәліметтерді алады.


Көрсетілген мәліметтерді сұрату және ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 10 мамырдағы № 39 шешімімен бекітілген Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың

интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Жалпы процесс рәсімдерін орындау шеңберінде ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 10 мамырдағы № 39 шешімімен бекітілген Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы, сондай-ақ мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл интеграцияланған жүйе пайдаланыла отырып жүзеге асырылады. Мүдделі тұлғалар үшін сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінен алынатын мәліметтерге қол жеткізу Одақтың ақпараттық порталы арқылы жүзеге асырылады.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте ұсынылған.



1-сурет. Жалпы процесс құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Осы бөлімде жалпы схема келтіріледі, онда жалпы процесс рәсімдері арасындағы байланыс пен оларды орындау тәртібі көрсетіледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (модельдеудің біріздендірілген тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясы пайдаланылып жасалған және мәтіндік сипаттамамен толықтырылған.

4. Жалпы процесс рәсімдері

15. Жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.TS.01.PRC.001	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді ұсыну	рәсімді орындау процесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы Одақтың ақпараттық порталында жаңартылған мәліметтерді жариялау үшін кезең ішінде сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне қосылған және өзгертілген сәйкестікті бағалау туралы құжаттар жөніндегі мәліметтерді ұсынады
P.TS.01.PRC.002	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді алу	басқа мүше мемлекеттің сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен сәйкестікті бағалау туралы құжат жөніндегі мәліметтерді сұрау салатын мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы қажет болған кезде орындалады

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

21. Ақпараттық объектілер туралы мәліметтер немесе олардан алынған мәліметтер жалпы процеске қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл процесінде берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Ақпараттық объектілер тізбесі

--	--	--

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.TS.01.BEN.001	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерінде қамтылатын сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттар туралы мәліметтер

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауаптылығы

17. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Еуразиялық экономикалық комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес жүзеге асырылады, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

18. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.003	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН)	сыныптауыш	Дүниежүзілік кеден ұйымының Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына негізделген тауарлардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
			байланыс түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін


P.CLS.008	байланыс түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	қамтиды ("Communication Channel Code" БҰҰ СЕФАКТ сыныптауышымен үйлестірілген)
P.CLS.009	өлшем бірліктерінің халықаралық сыныптауышы	сыныптауыш	БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының № 20 ұсынымына сәйкес өлшем бірліктерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.019	әлем елдерінің халықаралық сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 стандартына сәйкес әлем елдерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.024	тілдер сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 639-1 стандартына сәйкес тілдердің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.048	мекенжай түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	мекенжай түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.053	электрондық құжаттар мен мәліметтерді өңдеу нәтижелері түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	электрондық құжаттар мен мәліметтерді өңдеу нәтижесі түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.056	Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) тізбесі	анықтамалық	Одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) нөмірлері мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.057	сәйкестікті бағалау туралы құжаттар түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	сәйкестікті бағалау туралы құжаттар түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.058	құжаттың қолданылу мәртебелерінің сыныптауышы	сыныптауыш	құжаттың қолданылу мәртебелерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.059		сыныптауыш	техникалық реттеу объектілері түрлерінің кодтары мен

	техникалық реттеу объектілері түрлерінің сыныптаушы		атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.068	шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіру әдістерінің анықтамалығы	анықтамалық	сәйкестендіргіштер мен шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіру әдістері атауларының тізбесін қамтиды

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

"Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS.01.PRC.001) рәсімі

19. "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS.01.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 2-суретте ұсынылған.



2-сурет. "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS.01.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

20. "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS.01.PRC.001) рәсімі сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді алдыңғы ұсынған кезден бастап әрбір 15 минут сайын орындалады.

21. Алдымен "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS.01.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы Комиссияға сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді соңғы ұсынған кезден бастап сәйкестікті бағалау туралы қосылған және өзгертілген құжаттар туралы мәліметтерді (бұдан әрі – сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтер) Комиссияға жібереді. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді соңғы ұсынған кезден бастап сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінде өзгерістер болмаған жағдайда, Комиссияға өзгерістердің жоқ екендігі туралы хабарлама жібереді.

22. Комиссияға сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтер немесе өзгерістердің жоқ екендігі туралы хабарлама келіп түскен кезде "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.01.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия көрсетілген мәліметтерді немесе өзгерістердің жоқ екендігі туралы хабарламаны алады, оларды өңдеуді орындайды және мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылған мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама немесе өзгерістердің жоқ екендігі туралы хабарлама жібереді.

23. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама келіп түскен кезде "Ұсынылған мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны алу" (P.TS.01.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мәліметтерді жіберген мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы алынған хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

24. "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.01.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "Одақтың ақпараттық порталында жаңартылған мәліметтерді жариялау" (P.TS.01.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді.

25. Одақтың ақпараттық порталында сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді жариялау немесе көрсетілген мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны алу "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS.01.PRC.001) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

26. "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS.01.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

"Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS.01.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.TS.01.OPR.001	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 6-кестесінде келтірілген
P.TS.01.OPR.002	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген
P.TS.01.OPR.003	ұсынылған мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P.TS.01.OPR.004	Одақтың ақпараттық порталында жаңартылған мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген

6-кесте

"Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS.01.OPR.001) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілемесі	P.TS.01.OPR.001
2	Операцияның атауы	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің

		жаңартылуы туралы мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді соңғы ұсынған кезден бастап әрбір 15 минут сайын орандалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді Комиссияға жібереді. Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне қосылған құжаттар туралы мәліметтерді беру кезінде оларды жаңарту күні мен уақыты толтырылмайды. Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінде өзгертілген құжаттар туралы мәліметтерді беру кезінде оларды жаңарту күні мен уақыты міндетті түрде толтырылады. Орындаушы қосылған немесе өзгертілген мәліметтер болмаған кезде өзгерістердің жоқ екендігі туралы хабарлама жібереді
7	Нәтижелері	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтер немесе өзгерістердің жоқ екендігі туралы хабарлама Комиссияға ұсынылды

"Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.01.OPR.002) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілемесі	P.TS.01.OPR.002
2	Операцияның атауы	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді алу кезінде орындалады ("Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS.01.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана ұсынады. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінің IX бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс.
		орындаушы мәліметтерді қабылдайды және олардың Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкестігін тексереді. Тексеру сәтті орындалған кезде орындаушы: сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай

тізілімінің ұлттық бөлігіне қосылған құжаттар туралы мәліметтерді алған кезде Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін оларды мәліметтерге қосуды жүзеге асырады, енгізілген мәліметтерді жаңарту күні мен уақытын толтырады;

Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінде өзгертілген құжаттар туралы мәліметтерді алған кезде Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін оларды мәліметтерге қосуды жүзеге асырады, өзгертілген мәліметтерді жаңарту күні мен уақытын толтырады, сондай-ақ алынып отырған өзгертілген мәліметтердің бастапқы күні мен қолданылу кезеңінің мәнімен Одақтың ақпараттық порталында өзгертілген мәліметтердің соңғы күні мен қолданылу кезеңін толтырады;

Одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының (соның ішінде, сертификаттау жөніндегі органдарының, сынақ зертханаларының (орталықтарының)) бірыңғай тізілімінде қамтылатын мәліметтерге сілтемені қалыптастырады, ол соңғы күні мен қолданылу кезеңі толтырылмаған құжатты берген (тіркеген) сертификаттау жөніндегі органның мемлекеттік тіркеу коды мен елдің коды сияқты болады. Мәліметтердің қолданылу кезеңінің бастапқы датасы – қосылған немесе өзгертілген құжаттар туралы мәліметтердің қолданылу кезеңінен аз болуға тиіс;

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді қосуға немесе мәліметтерді өзгертуге немесе мәліметтердің жоқ екендігіне сәйкес келетін мәліметтерді өңдеу нәтижесінің кодын көрсете

		отырып, мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы мүше мемлекеттің уәкілетті органын хабардар етеді
7	Нәтижелері	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтер немесе өзгерістердің жоқ екендігі туралы хабарлама өңделді, мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылған мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама жіберілді

8-кесте

"Ұсынылған мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны алу" (P.TS.01.OPR.003) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілемесі	P.TS.01.OPR.003
2	Операцияның атауы	ұсынылған мәліметтерді өңдеу туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны орындаушы алған кезде орындалады ("Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.01.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы хабарламаны қабылдайды және оның Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара

		іс-қимыл регламентіне сәйкестігін тексереді
7	Нәтижелері	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алынды


9-кесте

"Одақтың ақпараттық порталында жаңартылған мәліметтерді жариялау" (P.TS.01.OPR.004) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілемесі	P.TS.01.OPR.004
2	Операцияның атауы	Одақтың ақпараттық порталында жаңартылған мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтер қабылдағаннан және өндегеннен кейін орындалады ("Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінің жаңартылуы туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.01.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	қолданылу кезеңінің аяқталатын күні мен уақыты толтырылмаған мәліметтер ғана Одақтың ақпараттық порталында жариялауға жатады
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мәліметтердің Одақтың ақпараттық порталында жариялануын қамтамасыз етеді
7	Нәтижелері	жаңартылған мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді алу" (P.TS.01.PRC.002) рәсімі

27. "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді алу" (P.TS.01.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 3-суретте берілген.



3-сурет. "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді алу" (P.TS.01.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

28. "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді алу" (P.TS.01.PRC.002) рәсімі басқа мүше мемлекеттің сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді сұрау салушы мүше мемлекеттің уәкілетті органы алуы қажет болған кезде орындалады.

29. Алдымен "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді алу" (P.TS.01.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша сұрау салушы мүше мемлекеттің уәкілетті органы басқа мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтерді ұсынуға сұрау салу жібереді.

30. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды алған кезде "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.TS.01.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы сұрау салушы мүше мемлекеттің уәкілетті органына сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді жібереді. Сертификаттар мен

декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінде сұратылған мәліметтер болмаған кезде мүше мемлекеттің уәкілетті органы сұрау салушы мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жібереді.

31. Сұрау салушы мүше мемлекеттің уәкілетті органы басқа мүше мемлекеттің сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді немесе мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны алған кезде "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.01.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша ұсынылған мәліметтерді немесе мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

32. Сұрау салушы мүше мемлекеттің уәкілетті органының сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді немесе мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны алу "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді алу" (P.TS.01.PRC.002) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

33. "Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді алу" (P.TS.01.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 10-кестеде келтірілген.

10-кесте

"Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді алу" (P.TS.01.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.TS.01.OPR.005	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді сұрату	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген
P.TS.01.OPR.006	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген
P.TS.01.OPR.007	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген

11-кесте

"Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді сұрату" (P.TS.01.OPR.005) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілемесі	P.TS.01.OPR.005
2	Операцияның атауы	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді сұрату
3	Орындаушы	сұрау салушы мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	басқа мүше мемлекеттің сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді алу қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді ұсынуға арналған сұрау салуды мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелері	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді алуға сұрау салу жіберілді

2-кесте

"Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.TS.01.OPR.006) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілемесі	P.TS.01.OPR.006
2	Операцияның атауы	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай

		тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді ұсынуға сұрау салу келіп түскен кезде орындалады ("Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді сұрату" (P.TS.01.OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған сұрау салуды тексеруді орындайды. Тексеру сәтті орындалған кезде орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді немесе мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны жібереді
7	Нәтижелері	сұрау салушы мүше мемлекеттің уәкілетті органына басқа мүше мемлекеттің сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтер ұсынылды немесе мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жіберілді

13-кесте

"Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.01.OPR.007) операциясының сипаттамасы

--	--	--

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілемесі	P.TS.01.OPR.007
2	Операцияның атауы	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	сұрау салушы мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтер немесе мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама алынған кезде орындалады ("Сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.TS.01.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінің IX бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жасау регламентіне сәйкес алынған мәліметтерді тексеруді орындайды . Тексеру сәтті орындалған кезде орындаушы мәліметтерді немесе мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны қабылдайды
7	Нәтижелері	сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтер немесе мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама алынды

IX. Штаттан тыс жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі

34. Жалпы процесс рәсімдерін орындаған кезде айрықша жағдайлар орын алып, онда деректерді өңдеу әдеттегі режимде жүргізіле алмауы мүмкін. Бұл техникалық іркілістер, құрылымдық және форматтық-логикалық бақылау қателіктері туындаған кезде және өзге жағдайларда орын алуы мүмкін.

35. Құрылымдық және форматтық-логикалық бақылау қателіктері туындаған жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне және Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оған қатысты қателік туралы хабарлама алынған хабардың Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына және электрондық құжаттар мен мәліметтерге қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады. Мәліметтердің көрсетілген құжаттар талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органы анықталған қателікті жою үшін белгіленген тәртіппен қажетті шаралар қабылдайды.

36. Штаттан тыс жағдайларды шешу мақсатында мүше мемлекеттер бір-біріне және Еуразиялық экономикалық комиссияға мүше мемлекеттердің өз құзыретіне осы Қағидаларда көзделген талаптарды орындау жататын уәкілетті органдары туралы ақпарат береді, сондай-ақ жалпы процесті іске асыру кезінде техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуге жауапты адамдар туралы мәліметтер ұсынады.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 10 мамырдағы
№ 39 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті

I. Жалпы ережелер

1. Осы Регламент Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Кеден одағы Комиссиясының "Кеден одағындағы техникалық реттеу туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 319 шешімі;

Кеден одағы Комиссиясының "Бірыңғай құжаттар беріле отырып, Кеден одағы шеңберінде сәйкестікті міндетті бағалауға (растауға) жататын өнімдердің бірыңғай тізбесі туралы" 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 620 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден одағының техникалық регламенттеріне сәйкестік сертификатының және сәйкестік туралы декларацияның бірыңғай нысандары және оларды ресімдеу қағидалары туралы" 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 293 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Өнімнің Кеден одағы техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігі туралы декларацияларды тіркеу туралы ережені бекіту туралы" 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 76 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өзара және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимыл жасауы кезінде электрондық құжаттармен алмасуы туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылардың берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте іске асырылатын "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесінің (бұдан әрі тиісінше – жалпы

процесс, сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімі) транзакцияларын орындау тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ оларды орындау кезіндегі өз рөлін бірізді түсінуін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

3. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды іске асыруға тікелей бағытталған, жалпы процесс операцияларын орындау тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды айқындайды.

4. Осы Регламентті жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберінде рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ осы жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

5. Осы Регламентте пайдаланылатын "бастамашы", "бастамашылық операция", "қабылдаушы операция", "респондент", "жалпы процесс хабары" және "жалпы процесс транзакциясы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Регламентте пайдаланылатын өзге ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 10 мамырдағы № 39 шешімімен бекітілген Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларының (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары) 4-тармағында айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы негізгі мәліметтер

1. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар

6. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі


Рөлдің атауы	Рөлдің сипаттамасы	Рөлді орындайтын қатысушы
--------------	--------------------	---------------------------

1	2	3
Деректердің иесі	Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін Еуразиялық экономикалық комиссияға сертификаттар мен декларациялардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтер ұсынады	Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы (Р.ТS.01.АСТ.002)
